

Бекітемін

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігінің

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ. Тұрсынов

23 2023 ж.



«Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» республикалық конкурсын өткізу тәртібі

1. Жалпы ереже

1.1. «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – ҚР ОАМ «Дарын» РҒПО) өткізеді.

1.2. Конкурс педагогикалық ұжымның шығармашылық қызметін дамыту, педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлігін көтеру, орта білім беру жүйесінде озық педагогикалық және басқару тәжірибесін тарату, инновациялық әзірлемелерді қолдау, білім беру жүйесінде инновацияны дамыту және білім беру саясатын жүзеге асыру мен қалыптастыруда қоғамның қатысуын күшейту мақсатында өткізіледі.

1.3. Конкурстың міндеттері:

- шығармашылықпен жұмыс істейтін мамандандырылған білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарын анықтау;
- білім беру жүйесіне инновациялық білім бағдарламаларын енгізіп жүрген және дарынды балаларды анықтау мен дамыту бағдарламаларын тиімді жүзеге асыратын педагогикалық ұжымдарды қолдау;
- білім беру жүйесіне мектептің қосқан үлесін көпшілікке ұсыну;
- мектепке қоғам, ата-аналар, бизнес – қауымдастық өкілдерінің назарын тарту.

1.4. Конкурсқа дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары (әрі қарай - МББҰ) олардың ұжымдық-құқықтық нысанасына қарамастан қатыса алады.

1.5. Конкурсты ұйымдастыру және өткізуді ҚР ОАМ «Дарын» РҒПО бұйрығымен бекітілген ұйымдастыру комитеті (әрі қарай – ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

Ұйымдастыру комитеті Конкурсқа материалдар қабылдайды, сараптама комиссиясын құрады, Конкурстың қорытындысын бекітеді, Конкурсқа қатысушыларды марапаттау туралы шешім қабылдайды.

1.6. Конкурсқа ұсынылған құжаттарға сараптама жасау үшін ҚР ОАМ «Дарын» РҒПО бұйрығымен бекітілген сараптама комиссиясының құрамы құрылады.

Сараптау комиссиясының құрамына инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізіп жүрген сарапшылар, конкурстың өткен жылдардағы жеңімпаз-мектептерінің өкілдері, сол сияқты білім беру, ғылыми, әдістемелік мекемелердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, шығармашылық одақ қызметкерлері, ғылым, мәдениет қайраткерлері, қоғам және қоғамдық ұйымдардың өкілдері енеді.

Сараптау комиссиясы құжаттарды сараптамадан өткізеді, әрбір МББҰ бойынша конкурстың қорытындысын шығарады, конкурс қорытындысына сәйкес қатысушылардың рейтинг бойынша тізімін жасайды, ұйымдастыру комитетіне ұсынады.

2. Конкурсқа құжаттарды ұсыну тәртібі

2.1. Конкурсқа қатысушылар жыл сайын 30 маусымға дейін ұйымдастыру комиссиясына №2 қосымшаға сәйкес құжаттарын мына мекен-жайға жібереді: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын орда» бизнес орталығы (3 қабат), Конкурсты ұйымдастыру комитеті.

2.2. Конкурсқа ұсынылған құжаттар түскен күні тіркеу журналына тіркеледі. МББҰ басшысына растайтын құжат тапсырылады.

2.3. Көрсетілген мерзімнен кейін және рәсімделуі талапқа сәйкес емес құжаттар қаралмайды.

2.4. Конкурсқа ұсынылған құжаттар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3. Құжаттарға сараптама өткізудің тәртібі

3.1. Әрбір МББҰ қызметіне сараптама бір-бірінен тәуелсіз сарапшылармен құжатты қабылдау аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн аралығында өткізіледі.

Ұсынылған құжаттарға сараптама өткізу үшін сарапшыларды бөлу кездейсоқ таңдау бойынша жүзеге асырылады.

3.2. Сараптау комиссиясы құжаттарды тексеруді МББҰ даму бағдарламасын ескере отырып ұйымдастырады.

Мектепте жүзеге асырылатын бір немесе бірнеше инновациялық білім беру бағдарламалары МББҰ дамыту бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Сараптау комиссиясы сарапшылардың МББҰ іс-сапарға шығуын ұйымдастыруға және сараптама үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

3.3. МББҰ қызметін сараптау қорытындысы бойынша әрбір сарапшы "Инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізетін мамандандырылған білім беру ұйымының қызметін бағалау жөніндегі сараптамалық қорытындыны" ресімдейді.

3.4. Әрбір сарапшы ұсынған МББҰ қызметі сараптамасының нәтижелері "Сараптамалық комиссия отырысының жиынтық қорытынды хаттамасына" енгізіледі, онда әрбір МББҰ бойынша орташа қорытынды баға есептеледі.

3.5. "Сараптамалық комиссия отырысының жиынтық қорытынды хаттамасы" негізінде МББҰ рейтингі қалыптастырылады, ол сараптау комиссиясының шешімімен бекітіледі.

3.6. Рейтингілері анықталған МББҰ жалпы тізімі хаттамаға қол қойылған күні «Дарын» РҒПО www.daryn.kz сайтына қойылады және Конкурс қатысушыларының назарына жеткізіледі.

4. Конкурстың қорытындысын шығару және марапаттау

4.1. Ең жоғары рейтингке ие болған МББҰ абсолют жеңімпазы атанады және Гран-При атағына ие болады.

4.2. Жалпы рейтинг бойынша бірінші, екінші, үшінші орын алған үш қатысушыға Конкурс лауреаты атағы беріледі.

4.3. Сараптау комиссиясының бекіткен «Сараптау комиссиясы отырысының жинақталған қорытынды хаттамасы» және МББҰ рейтингісі негізінде лауреаттар мен жеңімпаздарды бекіту туралы және жеңімпазға «Дарынды балаларға арналған үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» атағын беру туралы бұйрық шығады.

4.4. Конкурстың жеңімпаздары мен лауреаттары дипломдар және құнды сыйлықтармен марапатталады. Қалған қатысушылар номинация бойынша дипломдармен марапатталады.

4.5. Қорытынды шығару және марапаттау www.daryn.kz сайтында, сондай-ақ мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметкерлерінің педагогикалық тамыз кеңесінде өтеді.

5. Конкурс материалдарына жалпы талаптар

5.1. Құжат бір папкаға түптестіріп жинақталған болу керек, жоғарыда көрсетілгендей құжаттың электрондық көшірмесі компакт дискімен қосымша беріледі.

5.2. Мектептің презентациялық бейнебаяны ***.avi или *.mpeg** цифрлық форматында ұзақтығы 5 минуттан аспайтын көлемде ұсынылады. Презентациялық бейнебаянның құрылымын Конкурсқа қатысушы өзі анықтайды. Бейнебаянда мектептің тыныс-тіршілігі, көңіл-күйі көрсетіледі.

5.3. Мектеп қызметінің компьютерлік презентациясы Microsoft Power Point (көлемі 10 слайдтан артық емес) форматында дайындалады. Компьютерлік презентация құрылымы мен мазмұны сұраныс бөлімдерін толықтырып көрсетуі қажет. Презентация электрондық нұсқада ұсынылады.

5.4. Мектеп буклеті – бұл оқу мекемесінің білім беру қызметін ұсынытын және әлеуметтік серіктестерге (ата-ана, кәсіпкер, БАҚ) бағытталған жарнама-ақпараттық проспект. Электрондық нұсқасы ұсынылмайды.

5.5. Фотосуреттерді топтау мектеп өмірін суреттейтін түрлі- түсті фотолардан астындағы жазуымен бірге (8 данадан көп емес) жинақтаудан тұрады.

Фотоальбом бөлімдері:

а) мектеп көрінісі (негізгі ғимарат келбеті, оқу аудиториялары, спорттық және акт залы, рекреациялар, мектеп ауласы, мектептің ерекше жерлері «бұрыштары»);

б) дәстүрлері (мектеп өмірінің негізгі оқиғалары мен мерекелерінің фотосуреттері);

в) адамдар (мектеп директорының, үздік мұғалімдер мен оқушылардың портреті).

Барлық фотосуреттер электрондық нұсқада ұсынылады (рұқсат беріледі 300 **dpi**, кемінде 100x150 мм көлемде, *.jpg форматында.)

5.6. Мамандандырылған білім беру ұйымының елтаңбасы, эмблемасы немесе басқа да графикалық символы болса, оның басып шығарылған және *.eps форматындағы электрондық нұсқасы ұсынылады.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған
«Үздік дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру
ұйымы» конкурсына ұсынатын құжаттар тізілімі

1. МББҰ Конкурсқа қатысу үшін №1 қосымшаға сәйкес сұранысы.
2. МББҰ даму бағдарламасы.
3. МББҰ даму бағдарламасын орындау нәтижелері туралы ақпараттық-талдау анықтамасы, мәтін материалы (А4 форматында 3 беттен артық емес, Times New Roman қаріпімен №14 өлшеммен басылған, жоларалық интервалы 1,5) және №4 қосымшаға сәйкес толтырылған кестелер (қаріп - 12), фото және бейне материалдар (фото және бейне материалдарға қойылатын талаптар тіркеледі).

Ескерту: МББҰ сұранысы, даму бағдарламасы, даму бағдарламасын орындалу нәтижелері туралы ақпараттық-талдау анықтамасы және №2 қосымшаға сәйкес толтырылған кестелер қағаз және электрондық нұсқада ұсынылады (CD-RW). Құжаттар файлды папкаға (титул парағы және материалдар) жинақталады.

«Үздік дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымы»
конкурсына қатысуға

Сұраныс

Тіркелу нөмірі №: _____

Сұранысты тіркеу күні: _____

1. Ұйым туралы мәлімет

Мамандандырылған білім беру ұйымының толық атауы (Жарғыға сәйкес):

Директордың

Аты-

жөні: _____

Ғылыми жетекшінің аты-жөні (бар болса): _____

Ұйымның мекен-

жайы: _____

Байланыс

телефоны: _____

E-mail _____

Ұйымның жеке сайты: _____

Ұйымның банктік реквизиттері:

2.

(Жарғыға сәйкес мамандандырылған білім беру ұйымының толық атауы)

«Үздік дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымы» конкурсына қатысуға келісеміз.

Конкурсқа қатысушының сұраныста көрсетілген мәліметтерді конкурсқа қатысушылардың базасына және коммерциялық емес мақсатта: Интернет желісіне орналастыру, өңделген түрде түрлі басылымдарға енгізуге рұқсат беремін.

МББҰ қысқаша сипаттамасы

Сипаттамада МББҰ қызметін талдау төмендегі бағыттар бойынша берілуі керек:

- білім беру үрдісінің сапасы;
- кәсіби өсудің жағдайы;
- білім беру үрдісіндегі педагогикалық ұжым мен дарынды балалардың жетістіктері;
- озық педагогикалық және басқару тәжірибесін енгізу және тарату;
- дарынды балалардың әлеуметтік бейімделуіне, тәрбиесі мен дамуына және олардың құқықтары мен қызығушылықтарына тиімді әсер ететін инновациялық бағдарламалар, әзірлемелер, технологиялар енгізу;
- білім беру үрдісін ұйымдастыру шарттары;
- МББҰ республикалық/халықаралық деңгейдегі кәсіби қауымдастықта атқаратын рөлі.

Жетекшінің қолы _____ / _____ /

Күні: _____

М.О.

**Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің нәтижесі туралы
ақпараттық-талдау анықтамаға кестелік мәліметтер**

| | Жалпы ақпарат | |
|--|---------------|--------------------|
| Мамандандырылған білім беру ұйымының атауы (жарғы бойынша) | | |
| Білім беру ұйымының түрлері | | |
| Ұйымдастыру-құқықтық формасы | | |
| Құрылтайшы | | |
| Ашылған жылы | | |
| Заңды мекен-жайы | | (индекс) |
| телефон | | (елді мекен коды) |
| факс | | (елді мекен коды) |
| e-mail | | |
| Интернеттегі сайттың атауы | | |
| Жетекшінің қызметі | | |
| Жетекшінің аты-жөні | | |
| Банк реквизиттері ИНН БИК | | |
| Тіркелу туралы куәлігі (нөмірі, беру күні, кіммен берілді) | | |
| Лицензия (нөмірі, беру күні, кіммен берілді) | | шығу |
| Аккредиттеу (нөмірі, беру күні, кіммен берілді) | | |
| Мамандандырылған білім беру ұйымының құрылымы | | |
| Оқушының өзін-өзі басқару формалары | | |
| Мемлекеттік-қоғамдық басқару формалары | | |

| | |
|---|--|
| Білім беру ұйымының ресурстік базасы | |
| <ul style="list-style-type: none"> · мекеменің бюджеті · еңбекақы қоры · бір айда бір оқушының тамақтануына жұмслатын шығын · өткен оқу жылында әдістемелік әдебиет алуға жұмсалған қаражат · ғимарат және оның жағдайы (салыну жылы, күрделі жөндеуден өткен жыл) · ғимараттың түрі · технологиялық жабдықталуы (компьютерлер саны, оның ішінде желілік жүйеде, Интернетте) · мектептің кітапханалық қоры (мың.томдар) · спорттық және акт залы · бассейн (акваторияның аумағын көрсету) · мектептің территориясы · спорттық алаңдар | |
| Кадрлар | |
| Педагогикалық қызметкерлердің жалпы саны: | |
| оның ішінде, қосымша істейтіндер: | |
| <p>Оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> · бірінші және жоғары санаттылар · ғылыми дәрежесі, атағы · марапаттары · құрмет марапаттары · салалық марапаттары · «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары және республикалық деңгейдің финалистері | |
| Оқушылар | |
| Оқушылардың жалпы саны: | |
| Оның ішінде бастауыш сынып оқушылары | |
| Оның інінде негізгі мектеп оқушылары | |
| Оның ішінде орта мектеп оқушылары | |

| | |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> · мектепті «Алтын белгі» төсбелгісімен аяқтағандар (соңғы 3 жылдың ішінде): · халықаралық олимпиадалар, конкурстар жеңімпаздары (атауын, жылын, аты-жөнін көрсету) · республикалық олимпиадалар, конкурстар жеңімпаздары (атауын, жылын, аты-жөнін көрсету) | |
| <p>Мектептің танымал тұлғалары. Олардың мектептің қоғамдық өміріне қатысуы.</p> | |
| <p>Білім берудің мазмұны</p> | |
| <ul style="list-style-type: none"> · оқу жоспарының мектеп компоненті · бастауыш мектептің оқу бағдарламалары · толық орта білім берудің ІІІ сатынысындағы оқудың бағыт-бағдарлары (профилі) · оқытылатын шет тілдер (көрсету, қай сыныптарда) · 10-11 сыныптарда шет тілдеріне аптасына берілетін сағаттар саны · тілдік сынақ мерзімінен өту мүмкіндіктері | |
| <p>Мамандандырылған білім беру ұйымында дарындылықты дамыту және қолдау мақсатында ұйымдастырылған білім берудің бағыттары</p> <ul style="list-style-type: none"> · көркемдік-эстетикалық · әлеуметтік-педагогикалық · әскери-патриотическое · экология-биологиялық · ғылыми-техникалық · туристік- өлкетанымдық · жаратылыстану-ғылыми · әлеуметтік-экономикалық · мәдениеттану · спорттық · спорттық-техникалық басқалар | |
| <p>Қосымша білім беру қызметтері</p> | |
| <p>Таратылатын тілім беру бағдарламалары (атауын көрсету):</p> <ul style="list-style-type: none"> · халықаралық деңгейдегі · республикалық деңгейдегі · аймақтық деңгейдегі | |

| | |
|---|--|
| Таратылатын әлеуметтік жобалар (атауын көрсету): <ul style="list-style-type: none"> · халықаралық деңгейдегі · республикалық деңгейдегі · аймақтық деңгейдегі | |
| Дәстүрлері | |
| Мектеп марапаттары (қандай және не үшін): <ul style="list-style-type: none"> · халықаралық · республикалық · аймақтық | |
| Басқа типтегі білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық: <ul style="list-style-type: none"> · мектепке дейінгі білім беру · бастауыш кәсіби білім беру · орта кәсіби білім беру · оқушыларға қосымша білім беру · жоғары кәсіби білім беру (келісім шарт орнатқан ЖОО көрсету) ЖОО-мен өткізілген іс-шаралар | |
| Мамандандырылған білім беру ұйымы туралы қосымша ақпарат: <ul style="list-style-type: none"> · басқа да мәліметтер | |

Ұйымның басшысы

Қолы

(аты-жөні)

М.О.